

## Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Кәсіпкерлердің мұдделерін қорғау мен бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді жүргізуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі шағын кәсіпкерлік субъектілерін хабардар ету мақсатында жыл сайын бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың толық тізбесін мерзімді баспа басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 364 қаулысымен, 2004.06.16. N 661 қаулысымен, 2005.01.28. N 73 қаулысымен.*

3. Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жарты жылдың қорытындылары бойынша 20 қаңтарға және 20 шілдеге шағын бизнесті қолдау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тексерілетін объектілерде бұзушылықтардың неғұрлым көп тараған түрлерін көрсете отырып, жүргізілген тексерулер туралы ақпарат берсін.

4. Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) тексерулер жүргізу тәртібін көздейтін өздерінің нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулымен бекітілетін Ережеге сәйкес келтірсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан  
Үкіметінің  
2003

*Республикасы*

17 маусымдағы

бекітілген

**Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік органдардың тексерулер жүргізу ережесі**

1. Осы Ереже мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже, егер заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерінде, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда және осы Ережеде өзгеше белгіленбесе, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу кезінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының орындауы мен қолдануы үшін бірыңғай және міндетті болып табылады.

3. Осы Ереженің әрекеті салықтық тексерулерге, жедел-іздестіру қызметіне, атқарушылық іс жүргізуге, мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізетін тексерулерге, сондай-ақ азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын міндеттемелердің орындалуы жөніндегі тексерулерге қолданылмайды.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.14. N 227 қаулысымен.*

**1. Жалпы ережелер**

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұфым пайдаланылады:  
шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеру - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын және орындаудын айқындау мақсатында жасалатын бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - бақылаушы органдар) әрекеті.

**5. Тексеру түрлері:**

1) жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысы бойынша заңнамада белгіленген уақыт аралықтарын ескере отырып өткізілетін, бақылаушы орган алдын ала жоспарлаған тексеру;

2) рейдтік - Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сақтауы мәселелері бойынша бақылаушы органдар жүзеге асыратын тексеру;

3) жоспардан тыс - қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және ұлттық қауіпсіздікке тәнген қатерді тезарада жоюды талап ететін, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты белгіленетін, сондай-ақ шағымдарға, жүгіндерге және өтініштерге тезарада әрекет етуді талап ететін тексеру;

4) қарсы - егер тексерулерді жүргізу кезінде бақылаушы органдарда көрсетілген тұлғаларға байланысты қосымша ақпаратты алу қажеттігі туындайтын жағдайда үшінші тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру.

6. Иесі көрсетілмеген хабарламаларды қоспағанда, шағымдар, өтініштер және ресми жүгінудердің басқа да нысандары тексерулерді жүргізу үшін негіз болуы мүмкін.

## **2. Тексерулерді ұйымдастыру және оларды жүргізу тәртібі**

7. Барлық бақылаушы органдар тексерулерді қатаң өз құзыретіне сәйкес жүргізуге тиіс.

8. Тексерулер Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы, "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі, "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Зандарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8-1. Адам саны 10-нан аспайтын Шағын кәсіпкерлік субъектілерін салық органдарын қоспағанда, сондай-ақ қылмыстық істер қозғалғаннан басқа жағдайларда, мемлекеттік бақылаушы органдар ең жиі дегенде үш жылда бір рет

тексеруи  
мұмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді уәкілдепті мемлекеттік органдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жылына бір реттен жиі жүргізбейді.

*Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

9. Тексерулерді белгілеу туралы берілетін актілерде көрсетіледін тексерулер жүргізудің мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленгеннен басқа жағдайларда 15 күнтізбелік күннен аспауы тиіс. <\*>

*Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

10. Бақылаушы орган 2 аптадан кешіктірмей тексерілуғе тиіс шағын кәсіпкерлік субъектісін жоспарлы тексерудің басталғандығы туралы хабардар етуге міндетті.

11. Бақылаушы органның шағын кәсіпкерлік субъектісіне құжаттарды ұсыну туралы талаптарын тапсыру мен сұрау салынатын құжаттар іс жүзінде ұсынылған сәттер арасындағы уақыт кезеңдерінде тексеру жүргізу мерзімін есептеу тоқтатыла тұрады.

12. Тексеру мерзімдері ұзартылған жағдайда бақылаушы орган міндетті түрде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және

арнайы есеп жөніндегі комитетінде немесе оның аумақтық органдарында тіркелген тексеруді белгілеу туралы бұрынғы актінің тіркеу нөмірі мен құні және ұзарту себебі көрсетілетін тексеруді ұзарту туралы қосымша акт ресімдейді.

13. Аумақтық мемлекеттік органдар өздеріне қатысты тексеру жүргізген шағын кәсіпкерлік субъектілері орталық мемлекеттік органдар тараапынан тексеруге ұшырамайды.

14. Объектіге тексеру үшін келген бақылаушы органдардың лауазымды тұлғалары мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінде немесе оның аумақтық органдарында тіркелгені туралы белгісі бар, осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған тексеруді белгілеу туралы актіні;

2) қызмет күелігін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісінің аумағына немесе үй-жайына кіру үшін қажет болса, арнайы рұқсаттарды; < \* >

4) бақылаушы органның басшысы бекіткен тексеру жоспарын көрсетуге міндетті.

*Ескерту. 14-тармакқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

15. Тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісіне тексеруді белгілеу туралы актіні тапсыру сәті тексеру жүргізудің басталуы болып саналады.

1 6 . < \* >

*Ескерту. 16-тармақ алынып тасталсын - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

17. Тексеруді белгілеу туралы актіні көрсеткен кезде тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісі:

1) тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларына тексеру актілерін есепке алу кітабын ұсынады;

2) тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларын тексерудің мән-жайына жататын барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;

3) қажет болған кезде тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларына тексерудің мән-жайына жататын мәселелер бойынша түсінідірмебереді;

4) тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларының өзге де заңды талаптарын орындайды.

18. Тексеруді белгілеу туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруге қажетті материалдарға тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы

органдардың лауазымды тұлғаларының қол жеткізуіне кедергі болған жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органның лауазымды тұлғасы және тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті тұлғасы бас тарту себебі туралы жазбаша түсіндірме беріп, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеруді белгілеу туралы актіні алудан бас тарту тексеруді дөғару үшін негіз болып табылмайды.

19. Бақылаушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, зерттеу үшін сынамалар мен үлгілерді бақылауға сатып алу мен іріктеуді жүзеге асыруға құқығы жоқ. <\*>

*Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

19-1. Тұпнұсқа бухгалтерлік және өзге де құжаттарды алып қою мен алуға тыйым салынады. Ерекше жағдайларда олар жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу шарасы ретінде не қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде рұқсат етіледі. < \* >

*Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - КР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

20. Тексеру аяқталғаннан кейін:

- 1) тексеру жүргізу орны, актінің жасалған күні;
- 2) тексеру түрі;

3) тексеру жүргізген бақылаушы органдар тұлғаларының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымдары;

4) тексеру объектісі (тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінің атауы);

5) тексеруді белгілеу туралы актінің деректемелері;

6) алдыңғы тексеру туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасы заңнамасының бүрын анықталған бұзушылықтарын жою жөнінде қабылданған шаралар;

7) тексеру нәтижелері;

8) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар;

9) тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінің тексеру нәтижелеріне шағым жасау құқықтары және апелляция беру мерзімі;

10) тексеру жүргізген бақылаушы органдар тұлғаларының қолдары көрсетіле отырып, тексеру актісі жасалады.

21. Тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісіне тексеруді белгілеу туралы актіде көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей тексеру актісін тапсырған күн тексеру мерзімінің аяқталуы болып саналады.

22. Тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру актісінде тиісті жазба жүргізіледі.

23. Тексеру актісі екі данада жасалады және тексеруді жүргізген бақылаушы органның (органдардың) лауазымды тұлғасы (тұлғалары) және тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Бір данасы тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісіне тапсырылады.

24. Тексеру барысында Қазақстан Республикасының занамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, (занаманың нақты нормаларына сілтеме жасала отырып) оларды жою жөнінде шаралар және мерзімдер ұсынылады. <\*>

Шағын кәсіпкерлік субъектілері актінің қандай ережелерімен өздерінің келіспейтіндігін актіде көрсетуге құқылы. <\*>

*Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

25. Тексерулер аяқталғаннан кейін мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметкерлері шағын кәсіпкерлік субъектісіндегі Келушілерді есепке алу кітабына тексеру жүргізушінің лауазымын, тегін, тексерудің мақсаты мен нәтижелерін көрсете отырып, белгі қояды. <\*>

*Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.16. N 661 қаулысымен .*

### **3. Тексерулер жүргізу кезіндегі шектеулер**

26. Тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъекті тексеру жүргізілетін аумаққа немесе үй-жайға бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларын мынадай жағдайларда кіргізбеуі мүмкін, егер:

1) тексеру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бұзушылықтарды болдырмау жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігінен туындаған ерекше жағдайлардан басқа, тексеруді белгілеу туралы акт жоқ не ол белгіленген тәртіппен ресімделмеген болса, сондай-ақ бұзушылықтар оларды тікелей жасау сәтінде байқалған және айғақтарды бекіту үшін кезек күттірмейтін іс-қимылдар жасау қажет жағдайда (тексерулерді белгілеу туралы актілер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінде келесі жұмыс күні ішінде ұсынылады);

2) тексеруді белгілеу туралы актіде көрсетілген тексеру мерзімдері басталмаса немесе өтіп кетсе;

3) тексеруді белгілеу туралы актіде бақылаушы органның лауазымдық тұлғалары көрсетілмесе.

Мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісі занамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

27. Тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларына тексерудің мән-жайына қатысы жоқ талаптар қоюға және өтінішпен жүгінуге тыйым салынады.

28. Тексеруді жүзеге асыратын бақылаушы органдардың лауазымды тұлғалары тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектісінен бөлек үй-жай, үйимдастыру техникасын және автокөлік беруін талап етуге құқығы жок.

29. Тексерулер жүргізу кезіндегі бақылаушы органдар лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Шағын            кәсіпкерлік            субъектілерінің  
қызметіне        мемлекеттік        органдардың  
тексерулер        жүргізу        ережесіне  
қосымша

(алдыңғы беті)

**Шағын            кәсіпкерлік            субъектісінің            қызметіне**  
**тексеріс белгілеу туралы акт**

коды \_\_\_\_\_ Тіркей N \_\_\_\_\_

(мемлекеттік бақылаушы органның атауы)

(Аты-жөні, лауазымы, күәлік N)

C      T      T      H

(тексерілетін субъектінің атауы, мекен-жайы)

мақсатында

негізінде

мерзімінде

тексеру жүргізуді тапсырады

(тексеру тексеріс түрі)

Басшы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_

(лауазымы)

(қолы)

М.О.                  200 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қиу сызығы)

**Тексеруді белгілеу туралы актіге қима талон**

код \_\_\_\_\_ Тіркей N \_\_\_\_\_

(Мемлекеттік бақылаушы орган)

(Аты-жөні, лауазымы, күәлік N)

(тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектінің атауы, мекен-жайы)

СТН

тексеру өткізілді.

(тексеру, тексеріс түрі)

өткізу мерзімі 200\_ жылғы "\_\_\_" - 200\_ жылғы "\_\_\_"

Мынадай \_\_\_\_\_

анықталды

(құқықтық кесімнің тармақтарына, баптарына, нормаларына сілтеме жасап, заң бұзушылықтың сипаттамасы)

Тексеру нәтижелері \_\_\_\_\_

анықталды

жазылды (жасалды)

(актілер, нұсқамалар, хаттамалар, анықтамалар)

Аты-жөні \_\_\_\_\_

(Тексерушінің қолы, күні)

( а р т қ ы б е т і )

-----  
(қиуо сзығы)

**N \_\_\_\_ тексеруді белгілеу туралы актіге қима талон**

Тексерілетін шағын кәсіпкерлік субъектінің басшысы (өкілі)

(Аты-жөні, телефоны)

Жүргізілген тексеру бойынша ескертулар мен ұсыныстар \_\_\_\_\_

тексеру жүргізудің іс жүзіндегі мерзімі

200\_ жылғы "\_\_\_" - "\_\_\_"

Аты-жөні \_\_\_\_\_

(Тексерушінің қолы, күні)